

«М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КеАК**Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Шымкент қаласы бойынша департаменті
өкілдерімен кездесу****ХАТТАМАСЫ**

«04» қыркүйек 2024 ж.
Сағат 15:00

Шымкент қаласы
Бас ғимарат, акт зал

Қатысқандар: Басқарма төрағасы-ректор м.у.а. Қ.Нұрманбетов, Басқарма мүшелері-проректорлар Ғ.Бесбаев, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің жетекшісі Г.Дулатова, Әкімшілік-шаруашылық қызмет департаментінің директоры О.Акимжанов, барлық факультеттер мен жоғары мектептер декандары, Әскери кафедра бастығы Ж.А.Кенжебаев, колледж директоры, профессор оқытушылар құрамы, қызметкерлер және білім алушылар.

Сыртқы ұйымдардан қатысушылар: Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің Шымкент қаласы бойынша департаментінің Ұйымдастыру-бақылау басқармасының (Штаб) басшысы Т.Т.Үсіпбеков, қоғам қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері, Қоғамдық кеңес мүшесі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы волонтер Ш.Мырзахметов, ҚР Мемлекеттік қызмет істер агенттігінің Шымкент қаласы бойынша департаментінің басшысы А.Нұрғали және бұқаралық ақпарат құралдары.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы нормаларын түсіндіру және білім беру саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талқылау.

Сөз алды: Басқарма төрағасы – ректор м.у.а. Қ.Е.Нұрманбетов.

Басқарма төрағасы-ректор м.у.а. Қ.Нұрманбетов еліміздің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын жүзеге асыру, білім беру процесінде академиялық адалдық қағидаларын ілгерілету бағытында жасалып жатқан жұмыстарға университеттің қатысуы туралы қысқаша баяндама жасады (баяндама қоса тіркелді).

Ақпараттық баяндамадан соң сөз кезегі Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің Шымкент қаласы бойынша департаментінің Ұйымдастыру-бақылау басқармасының (Штаб) басшысы Т.Т.Үсіпбековке ұсынылды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет өкілі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша заңнамадағы новеллалармен таныстырып, ел

Президентінің жолдауындағы нақты тапсырмалар мен басым бағыттарды атап, білім беру саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне назар аударды.



Қазақстанның болашағы жоғары оқу орындарының аудиторияларында қалыптасатынын ескеріп, жастар арасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті арттыру, жоғары білім беру саласындағы тәуекелдерге нақты тоқталды. Уәкілетті орган өкілі ұйымдастырушылық-басқарушылық, әкімшілік-шаруашылық қызмет саласындағы шешімдер қабылдаумен байланысты тәуекелдер картасын көрсетіп, жеке-жеке тоқталды.

Баяндама тезисі мен презентация қоса тіркелді.




Сөз алды: қоғам қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері, Қоғамдық кеңес мүшесі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы волонтер Ш.Мырзахметов.

Қонақ Ш.Мырзахметов өз сөзін адалдық сағаты кездесуінде жиналған білім алушыларға бағдарлады. Адал тұлға болып қалыптасудың маңызын түсіндіріп, парасатты тұлға ретінде өмір жолында кездескен қиын сәттерде әділ шешім қабылдаудың, тура жолды таңдаудың өзіндік тәжірибесімен бөлісті.



Сөз алды: ҚР Мемлекеттік қызмет істер агенттігінің Шымкент қаласы бойынша департаментінің басшысы А.Нұрғали.

Қызмет істері агенттігінің өкілі мемлекеттік қызметке орналасу барысындағы жаңашылдықтар мен мүмкіндіктер туралы баяндама жасады. Мемлекет тарапынан берілген мүмкіндіктердің жастарға қолжетімділігі туралы пайдалы ақпараттарымен бөлісті.



Сөз алды: Басқарма төрағасы-ректор м.у.а. Қ.Е.Нұрманбетов.

Кездесудегі ой-пікірлерді қорытындылаған басшы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының салдарымен күресуден оның алдын алудың тиімділігін ескеріп, университетте Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі және Басқарма бірлесе жұмыс жасап жатқанын атап өтті.

Академиялық адалдық лигасы ЖОО қауымдастығының мүшесі ретінде академиялық процестің ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз етуге назар аударатынын мәлімдеді.

Кездесуге қатысушыларға сұрақ-жауап ұсынылып,

Комплаенс-қызметінің ұсынымдары, іс-шара қатысушыларының ортақ талқылаулары нәтижесінде тиісті тұжырымдар жасалды.

Қаулы етті:

1. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының нормалары басшылыққа алынсын.


2. «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕ АҚ-ның Академиялық адалдық қағидаларының, Әдеп кодексінің, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартының ішкі актілерінің нормалары назарға алынсын.

3. Білім беру процесінде академиялық адалдық қағидаларыні ілгерілету барлық ұйымдық құрылымдар басшыларына жүктелсін.


4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті арттыру бойынша іс-шараларды жандандырылсын.

5. Профилактикалық сипатта ұйымдастырылған іс-шара туралы ақпарат университеттің ресми интернет-ресурсы мен әлеуметтік желі парақшаларына орналастырылсын.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
комплаенс-қызметінің жетекшісі


Т.С. Дулатова

Хатшы:


Д. Құрасбек